

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі ММ»
«Теректі мектеп-балабақшасы» КММ-нің №2
педагогикалық кеңесінің хаттамасы

Тасқопа ауылы

27 қыркүйек 2024 жыл

1. «Теректі мектеп-балабақшасы» КММ-нің қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау есебінен талқылау туралы /Б.М. Нурсултанов/
2. Тыңдалды
3. Б.М. Нурсултанов – мектеп-балабақша директоры, комиссия төрағасы

1. «Теректі мектеп-балабақшасы» бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, қорытынды анықтамамен таныстырды. Мектеп ұжымының алдына қойылған басты міндет мектептің атқарып жатқан қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу болатын. Ағымдағы жылдың 2 қыркүйек пен мен 27 қыркүйек аралығындағы мектеп қызметіне өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау» өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы «Бастауыш, негізгі, орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта, білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» № 473 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «білім беру ұйымдарының өзі-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» әдістемелік ұсынымдары басшылыққа алынады.

Бекітілген комиссия мүшелерінің құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру, «Мектепке дейінгі тәрбие оқытудың, бастауыш, негізгі, орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығының талаптарына сәйкес оқу-тәрбие жұмысын іске асыру, сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру, бейінді оқытуды іске асыру өлшемшарттары бойынша зерделеу жүргізді.

Ұжым алдында өзі-өзі бағалау өлшемшарттары бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, қорытынды анықтамамен таныстыру үшін сөз комиссия мүшелеріне берілді

Сөйлеушілер:

1. **А.О. Бердигалиева** –комиссия мүшесі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 102 параграфтарының нақты бағыттары негізінде мектеп алды даярлық сыныптарындағы, 1-11 сыныптарындағы жұмысты зерделеп, өзін-өзі бағалау жүргізіледі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының іске асырылуы;
2. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп алды даярлық сыныптарындағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптары;
3. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастырылуы мен оқу мерзіміне қойылатын талаптары;
4. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптары;

5. Бағалау өлшемшарттарында берілген 7-13 қосымшалар бойынша педагогтердің бейіні бойынша дипломдары, біліктілік санаттары, мектептің материалдық базасы.

Аталған бұйрықтың 1-2 өлшемшарттары талаптарына сәйкес 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылындағы мектептің тәрбие процесінің жылдық жұмыс жоспарлары, жұмыс оқу жоспарларымен сабақ кестелерінің ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) талаптарына сәйкестігі зерделенді. Зерделеу қорытындысымен таныстыра келе, зерделеу барысында әр бөлім бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстарға тоқталды. Зерделеу барысында оқыту нәтижелерін анықтау үшін 4,9 сыныптардан онлайн форматында тест алынғандығын, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының жалпы талаптарына сәйкестікті ұсынатын білім беру қызметтерін талдау жолында, әсіресе Kundelik.kz электронды журналында анықталған кемшіліктермен жұмыс жасау керектігін, тиісті бейне бойынша жоғары педагогикалық білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің, біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған.

А.Қ.Төрежанова – мектепке дейінгі ұйым әдіскері. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде тәрбиеленушілердің жас ерекшелігін ескере отырып әр топтарға перспективалық жоспарлары, топ тәрбиешілерінің апталық циклограммалары зерделенді. Топтардың күн тәртібі, ұйымдастырылған іс –әрекет кестелері, жас топтарының қалыптастыру бойынша кезең талаптары сақталған контингенттер тізімі жасалды. Әдістемелік ұсынымның 2,3,4,5 – қосымшалар бойынша мәліметтер жоспары толық зерделенді. №486 бұйрығының I-қосымшасындағы «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиеленудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына» сәйкес бағалау парағы толтырылды.

II. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 2-қосымша 2-тарау 25 тармағы, 3-қосымша 4 тарау 56-тармақты, 4-қосымша 4-тарау 50-тармағы бойынша «Bilimclass» электронды журналы арқылы күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары зерделенді. Мектеп бойынша тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне, білім алушылардың білім беру қызметінің дайындық деңгейіне, сапалы оқыту мен тәрбиелену үшін жасалған жағдайды анықтау үшін сауалнама жүргізілді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығымен бекітілген. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің сақталуын, педагогикалық кадрлармен жасақталуы және білім беру процесін материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету туралы мәліметтерді беру үшін әдістемелік ұсынымның 7,8,9,10,11,12 қосымшалары толтырылды. Қазақстан республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының I-қосымшасындағы «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиеленудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына» 2-қосымшасындағы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауына арналған өлшемшарттарына» сәйкес 4-қосымша бағалау парағы толтырылған кесте көрсетіліп, күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқылана отырып, педагогикалық кеңесте төмендегідей шешім қабылданды.

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. «Теректі мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау нәтижесінде анықталған кемшіліктер бойынша кешенді жоспар құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізу.

Кеңес басшысы:



Хатшы:

Нурсултанов Б.М.

Досанова Г.Н.